

БЕКІТЕМІН
«Зайсан технология колледжі» КММ
директоры **Е.Т.Сейлханов**
..... 2018 жыл



**«Зайсан технология колледжі» КММ
жатақханасындағы ішкі тәртіп
Ережелері**

Жатақханада тұрушыларға арналған белгілі бір жүріс-тұрыс нормалары белгіленген, оларды міндетті түрде сақтау керек. Бұл нормалар Ішкі тәртіп ережелері деп аталады.

1. Жалпы ережелер

1. Жатақхананың ішкі ережелері оқу орнының әкімшілігімен құрылған және ол жатақхананың барлық тұрғындарына қатысты.
2. Ішкі тәртіп ережелері жатақхананың алдағы тәртіптерін нығайтуға ықпал етеді.
3. Жатақхана студенттердің оқу кезінде уақытша тұрғылықты орны болып табылады.
4. Жатақхана бөлмелері керекті жиһаздармен және қажетті құралдармен жабдықталған.
5. Білім алушыларды (студенттер) «Зайсан технология колледжі» КММ (ары қарай колледж) жатақханасына орналастыру директордың қол қойған жолдамасы бойынша жүргізіледі.
6. Жатақханаға орналасушы мемлекеттік қызмет Стандарттың 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттар тізбесін көрсетілетін қызметті берушіге тапсыруы қажет.
7. Жатақханаға орналасушы аталмыш Ережені оқуы тиіс, тәрбиеші өткізетін қауіпсіздің техникасы бойынша нұсқамадан өтуге міндетті.
8. Жатақханада жастардың ісі жөніндегі ұйым, яғни студенттік кеңес жатақхана тәрбиешісімен, комендантымен бірлесіп өзін-өзі басқару жұмыстарын орындайды.

2. Жатақханада тұрушылардың құқықтары

1. Оқу, мәдени- тұрмыстық және спорттық- сауықтандыруға арналған бөлмелерді, жатақхана жабдықтары мен мүлкін пайдалануға;
2. Жатақхананың кеңесін сайлау және оның құрамына кіруге міндетті, олардың жұмысына қатыса алады;
3. Студенттік кеңес арқылы жатақхананың тұрмыстық қамтамасыз етілуі, тәрбие жұмыстары мен бос уақыттың ұйымдастырылуы, тұрғын орындарды, жеке жұмыстарға арналған бөлмелерді құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету және безендіру сұрақтарын шешуге қатыса алады.

4. Жатақханада тұрушылар міндетті:

1. Жатақханаға орналасу үшін студенттер медициналық байқаудан өтеді.
2. Орналасқаннан кейін орналасушы жатақхананың ішкі ережелерімен танысып, оған қол қояды.
3. Кез келген жатақхананың қызметкері кез келген уақытта тұрғыннан өзінің жеке заттарын көрсетуді сұрай алады. Тұрғын оған қарсылық білдіре алмайды. Әдетте мұндай жағдайлар тұрғыннан жатақхана ғимаратына тыйым салынған заттарды және құралдарды және т.б. алып кірді деп күдіктенген кезде туындайды.

4. Жатақхана әкімшілігі кезеңімен жоспарлы немесе жоспардан тыс тексерулер жасап отырады. Әкімшілік өкілі кез келген сәтте тұрғынның бөлмесіне кіріп, оның жағдайын тексере алады, және тұрғын оны кіргізуге міндетті.
5. Жатақхананың бөлмелеріне, құрал- жабдықтарына және мүлкіне ұқыптылықпен қарауға, ҚР заңнамасына сәйкес өзіне жеке қолданысқа берілген мүлікке материалдық жауапкершілікті алуға;
6. Жоғалған немесе құртылған мүлік пен құрал- жабдықтардың құнын төлеуге, колледжге келтірілген басқа да залалдардың ақысын өтуге;
7. Егер тұрғын өртті, апатты, құбырдың ағуын немесе байланыстардан ақаулар тапса қандай да бір оқиғаны көзі шалса, ол қажетті шаралар қабылдануы үшін бұл туралы тез арада олардың алдын алу шараларын қолданып, міндетті түрде жағдайды жатақхана комендантына жеткізуге; әкімшілік өкіліне хабарлауға міндетті.
8. тұрғын орынның тиісті санитарлық- техникалық тазалығын қадағалау, бекітілген график бойынша тұратын бөлмелерінде дымқыл тазалық жұмыстарын жүргізуге. Тазалық графиктері студенттік кеңес мүшелерімен бірлесе құрылады және жатақхана комендантымен келісіледі;
9. Санитарлық- эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды сақтауға, кірленуіне байланысты төсек- орынын (сейсеп, ақ жайма, жастық тысын) 7 күнде бір реттен кем емес ауыстыруға;
10. Электр қуатын және суды үнемдеп жұмсауға;
11. Жатақхана тұрғындары сағат 20:00-де өз бөлмелерінде болуы тиіс. Сағат 22:00-ден 6:30-ға дейін жатақханада тыныштық сақтауға;
12. Жатақханада өткізілетін жиналыстарға қатысуға; мәдени шараларға қатысу және оларды ұйымдастыруға белсене араласу;
13. Хабарлама тақтасындағы ақпаратты күнде қарауға. Студенткеңес жетекшісіне студенттерге барлық ақпаратты жеткізіп отыруды жүктеу;
14. Жатақханадан шығарылған кезде (сонымен қатар демалысқа кеткенде және тәжірибе кезінде, ауырып қалу) бөлмені және өзіне бекітілген барлық төсек жабдықтарын комендантқа тапсыруға; Оқуды аяқтап, қолына диплом алғаннан кейін студент жатақхананы бір күн ішінде босатады.

5. Жатақханада тұрушыларға тыйым салынады:

1. Жатақханада ішімдік ішуге және/ немесе мас күйде келуге;
2. Дәрігердің белгілеуінсіз психотропты дәрілерді қабылдауға, психотропты дәрілерді сақтауға, таратуға;
3. Жатақхана территориясына қару, соның ішінде зақымдаушы және суық қару әкелуге, сақтауға және қолдануға;
4. Заңмен тыйым салынған діни жиналыстар мен іс- шаралар ұйымдастыруға; намаз оқуға;
5. Тұрғын бөлмелері мен ортақ қолданыстағы жерлерде темекі шегуге (соның ішінде кальян);
6. Бір бөлмеден екінші бөлмеге өз бетімен ауысуға;
7. Өз бетімен бір бөлмеден екінші бөлмеге мүлік ауыстыруға;
8. Электрөткізгіштерді қайта жасауға және жөндеуге;
9. Тұрғын бөлмелері мен жалпы қолданыстағы жерлерде қосымша электржылытқыш құралдырын орнатуға;
10. Бөлме есігіне және ортақ қолданыстағы, арнайы орындардан басқа жерлерге хабарландырулар, кестелер, суреттердің көшірмесін және т.б жабыстыруға;
11. Тұрғын бөлмелердің есігіне өздігінен құлып орнатуға немесе есікте орнатылған құлыптарды ауыстыруға;
12. Өз бетімен жиһазды қайта құруға немесе орынын ауыстыруға, қоршаулар жасауға;
13. Өз бетімен рұқсатсыз би кештерін, дискотекалар және басқа да көпшілік қатысатын іс- шаралар ұйымдастыруға;

- 14.терезеден қоқыс және т.б. заттар тастауға;
- 15.Төбеге шығуға, шатырға көтерілуге, терезе алды тақтайында тұруға және отыруға;
- 16.Жатақхананың тізімінде жоқ студенттерді, ата – анасын, туыстарын рұқсатсыз кіргізуге, бір түнге қондыруға;

6. Берілген Ережені бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Берілген Ережені бұзғаны үшін жатақханада тұрушыларға колледж бекіткен тәртіп бойынша әлеуметтік, әкімшілік ықпалдар, ҚР заңнамасына және колледждің ішкі тәртіп Ережелеріне сәйкес тәртіптік және басқа да жазалар қолданылуы мүмкін.
2. Берілген ережені бұзғаны үшін жатақханада тұрушыларға келесі тәртіптік жазалар қолданылады:
 - ескерту;
 - сөгіс;
 - жатақханадан шығару.
- 3.Тәртіптік жаза теріс қылық байқалғаннан кейінгі бір айдың ішінде қолданылады (студенттің ауыруы және демалыста болған кезін есептемегенде).

7. Жатақханадан шығару негіздемелері

1. Тұрып жатқандар колледж жатақханасынан келесі жағдайларда шығарылуы мүмкін:
 - тұрғын орынын мақсатына байланысты қолданбау;
 - тұрып жатқан адамдардың тұрғын орынды қиратуы немесе бұзуы;
 - тұрып жатқан адамдардың келген орыны бойынша тіркелуден бас тартуы;
 - тұрып жатқан адамдардың комендантты жазба түрінде хабардар етпей екі ай бойы жатақханада болмауы;
 - жатақханаға алкогольді ішімдік ішкен күйде келуі, жатақхана территориясында темекі тартуы;
 - дәрігердің белгілеуінсіз психотропты дәрілерді қабылдауы, психотропты дәрілерді сақтауы, таратуы;
 - тұрып жатқан адамдардың жатақханада қауіпті заттарды сақтауы;
 - тұрып жатқан адамдардың ары қарай бірге тұруы мүмкін болмайтындай көршілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорлауы;
 - бір немесе бірнеше рет студенттік жатақхана туралы берілген Ережені, колледждің Қауіпсіздік техникасы, ішкі тәртіп ережелерін бұзуы;
 - тұрып жатқандардың өз өтініші бойынша;
 - оқу мерзімі аяқталғаннан кейін білім алушыны колледжден шығарғаннан кейін;
 - ҚР заңнамасымен қарастырылған басқа да жағдайларда.
- 2.Колледж тәртібін өрескел бұзғаны үшін жатақханадан шығарылған студент, қайта жатақханаға қоныстана алмайды.
- 3.Жатақханадан шығарылу тәртіптік жаза ретінде студенттік кеңес және тәртіптік кеңеспен қарастырылып, директордың бұйрығымен қолданылады.
- 4.Тұрғындарды колледж жатақханасынан шығару - бұйрық шыққаннан кейінгі үш күн ішінде жүргізіледі.

8. Алғыстар:

- егер жатақхананың ішкі ережелерін сақтап, мәдени шараларға қатысып, жатақхананың жақсаруына ат салысса әкімшілік тарапынан алғыс жарияланады немесе сыйлықтар табыс етіледі.